

# Шешімді қолдады

**Облыстық қоғамдық кеңес мүшелері кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы шешімге қолдау білдірді. Осы орайда, кеңес мүшелерінің қатысуымен С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада жиын өтті.**

Қоғамдық кеңес төрағасы Тито Сыздықов аталмыш саяси науқанның маңыздылығына тоқталды.

- Тұңғыш Президентіміз - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздігімізді нығайтып, әлемдік аренадағы беделімізді асқақтатты. Іргелі стратегиялық бағдарламалардың бастамашысы болды. Ел тізгінін белгілі қоғам қайраткері Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұстатты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Үндеуінде ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы шешім қабылдағанын мәлімдеді. Осы жылдың 9 маусымында өтетін кезектен тыс сайлау біртұтас

ел екенімізді көрсетуі керек. Өйткені мемлекеттік билік пен егемендікті сақтаушы негізгі күш - халық. Әлем аса қарқынды жылдамдықпен өзгеріп отыр. Сондықтан Президент сайлауы арқылы бағытымызды айқындауымыз қажет, - деді Т.Сыздықов.

Жиында облысымызда қызмет ететін саяси партиялар өкілдері, қоғамдық ұйым мүшелері кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы шешімді қолдайтындарын білдірді және барша павлодарлықтарды дауыс беруге қатысуға шақырды.

**А.АСҚАРҚЫЗЫ.**